

## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2026 жылдың 16 сәуір күні жас ұрпақтың бойында көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру, белсенді, жауапты әрі шығармашыл оқушыларды анықтау және оларды қолдау, сондай-ақ «Жас Ұлан» ұйымының беделін арттыру мақсатында «Үздік Ұланбасы – 2026» аудандық байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.


Байқауға «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасылары, 14-17 жас аралығындағы белсенді көшбасшылар қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес [abb\\_elzat@mail.ru](mailto:abb_elzat@mail.ru) электронды поштасына 2026 жылдың 14 сәуіріне дейін қабылданады.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта

**Басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы**



**Б.Самылтыров**

Орындаған: Г.Ногайбаева  
Тел: 2-14-10



«БЕКІТЕМІН»

Т. Рыскулов ауданының білім  
бөлімінің басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы

Б.Самылтыров

«01» сәуір 2026жыл

## «Үздік Ұланбасы – 2026» аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ереже «Үздік Ұланбасы - 2026» атты аудандық байқауының өткізілу ретін анықтайды.

1.2. «Үздік Ұланбасы – 2026» аудандық байқауын аудандық білім бөлімі мен Балалар мен жасөспірімдер орталығы жүзеге асырады.

### 2. МАҚСАТЫ

2.1. Жас ұрпақтың бойында көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру, белсенді, жауапты әрі шығармашыл оқушыларды анықтау және оларды қолдау, сондай-ақ «Жас Ұлан» ұйымының беделін арттыру.

### 3. МІНДЕТТЕРІ

3.1. Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға жағдай жасау.

3.2. Белсенді, бастамашыл және дарынды Ұланбасыларды анықтау.

3.3. Жастардың азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық рухын қалыптастыру.

3.4. Қоғамдық жұмыстарға қатысу арқылы ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыру.

3.5. Оқушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту.

3.6. Жас көшбасшылар арасында тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру.

3.7. «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру және насихаттау.

### 4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Байқауға «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасылары, 14-17 жас аралығындағы белсенді көшбасшылар қатыса алады.

## 5. БАЙҚАУДЫҢ ӨТІЛУ ШАРТЫ ЖӘНЕ КЕЗЕНДЕРІ

Аудандық кезең – 2026 жылдың 16 сәуір күні;

Облыстық кезең – 2026 жыл 23 сәуір.

### Байқау кезендері:

1. Таныстыру кезеңі «Мен Ұланбасымын!»
  - өмірлік ұстанымы;
  - жетістіктері;
  - ұйымдағы рөлі.

(5 мин, шығармашылық форматта)

2. «Менің бастамам!» авторлық жоба қорғау. (5 минут)

- Қоғамдық немесе мектепшілік жоба ұсыну;
- Мәселе (неге бұл жоба керек?)
- Қандай нәтиже көзделеді?
- Қалай іске асады? (қадамдармен)
- Қанша уақыт қажет?
- Қатысушылар кімдер?
- Пайдасы (нәтижесі)
- Нақты нәтиже.

Түрі: презентация / постер / ауызша қорғау.

3. «Өнерлі Ұланбасы» шығармашылық кезең. (5 минут)

Орындау (таңдаулы)

Ән орындау (патриоттық немесе заманауи);

Өлең оқу (мәнерлеп оқу немесе авторлық);

Би қойылымы;

Авторлық шығарма (өлең, монолог, эссе үзіндісі);

Шағын қойылым / сторителлинг. т.б

### Бағалау критериилері:

- байқаудың міндеті мен мақсатына тақырыптың сәйкес келуі;
- түпнұсқалық идеясы;
- көркемдік орындалуы;
- сюжетті пайдалану жаңалығы;
- жұмыстың айқындылығы.

Қатысушылар эмблема, атрибуттар, киім элементтері, плакаттар және т.б, өздерінің жанкүйерлерімен шақырылады.

## 7. МАРАПАТТАУ

7.1. Аудандық кезеңнің жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III орын дипломдармен, «Көшбасшылық қабілеті үшін», «Белсенді Ұланбасы», «Жаңашыл идея иесі», «Зияткер Ұланбасы», «Жобашыл көшбасшы», «Үздік жас патриот» номинациялары бойынша марапатталады.

№1 қосымша

«Үздік Ұланбасы – 2026»  
аудандық байқауына қатысуға

### СҰРАНЫС

Қатысушының толық аты-жөні: \_\_\_\_\_  
Туған күні, жылы: \_\_\_\_\_  
Білім беру ұйымы: \_\_\_\_\_  
Сыныбы: \_\_\_\_\_  
Қатысушының байланыс нөмірі: \_\_\_\_\_  
Жетекшісінің аты-жөні: \_\_\_\_\_  
Байланыс нөмірі: \_\_\_\_\_

*Сұраныс жіберуші мекеме басшысының мөрі және қолымен бекітілуі қажет.*